

3. Сембеков Е. «Об отдельных вопросах совершенствования инвестиционного проектирования в Казахстане», Қаржы-қаражат – Финансы Казахстана, 2004, №2.

4. Басовский Л.Е. Прогнозирование и планирование в условиях рынка.

5. Информационно-статистический сборник «Казахстан: 2003-2004годы», Алматы, Агентство РК по статистике.

6. Селезнев А. Макроэкономические факторы роста производства // Экономист. 1999, №5.

7. О. Баймұратов Қазақстан қаржы нарығы. Алматы «Экономика», 2007.

Сулейменова Аяжан, 1 курс (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ)

Ғылыми жетекші: э.ғ.м., аға оқытушы Амиркулова М.Б.

СТАТИСТИКАНЫҢ ТАРИХИ ДАМУ ЖОЛЫ

«Статистика» деген түсінік «status» деген латын сөзінен шықты. Бұл «заттардың белгілі жағдайын» білдіреді. Статистика қазіргі кезде сандық мәліметтерді жинау, көрсету, талдау және интерпретациялау. Статистиканың көп ғасырлық тарихы бар. Статистиканың қалыптасу жолы шаруашылық есептің пайда болуымен басталды. Шаруашылық есептің пайда болуы мемлекеттің пайда болуымен байланысты. Есеп арқылы алынатын белгілі бір мәліметтерсіз мемлекеттік қызметтің болуы мүмкін емес, яғни әскерлерді жинау үшін және салық салу үшін мәліметтер қажет болды, халықтың санын, жердің құрамын, оның сапасын, мал басының санын анықтау, сауда жағдайын және тағы басқалар туралы мәліметтер қажет болды. Мұндай мәліметтерді алу әдістері мысалы, келесідей: Персиялық патша Дарий (522-486 ж б.э.д.) өз әскерінің санын санау үшін әрбір жауынгерге бекітілген бір жерге тас қоюды жүктеді. Ежелгі Египетте, Двуречье, Иудей шаруашылық және әкімшілік есептің дамыған жүйесі қалыптасты. Жерді, тамақты, жұмыс күшін, құрылыс материалдарын пайдалану қатаң бақыланып отырды, шығындар мен табыстардың сметасы жасалды. Ежелгі Қытайда б.э.д. XXIIIғ. халық саны, оның жынысы мен жасы бойынша үлестірілуі, жердің табыстылығы және саудадағы өзгерістер жөніндегі мәліметтер жинаған. Конфуцийдің (551-479 ж б.э.д.) «Шу-Кинг» кітабында б.э.д. 2238 жылдағы Қытай халқының санағы жөніндегі мәліметтер бар. Б.э.д. VIIғ. Лидияда монетаның пайда болуы барлық мүлікті ақшалай бағалауға мүмкіндік берді. Статистиканың дамуының келесі кезеңі – мәдениет пен ғылымның даму эпохасы, капитализмнің пайда болуы және феодализмнің құлдырауы. Халықаралық сауданың интенсивті дамуы бұл кезде кедендік және бейнелеу статистикасының қалыптасуына әкеледі. XII ғ. Консулдар мен өкілдер шетелден оралғаннан кейін сенатқа есеп беру жүктелді. Бұл кездегі маңызды оқиғалардың бірі – францискандық монах және математик Лука Пачоли (1445-1517) энциклопедиялық еңбегін «Сумма арифметики, геометрии, учения о пропорциях и соотношениях» жазды. Кітапта «Трактат о счетах и записях» бөлімі бухгалтерлік есептің негізін қалады. XIVғ. Италия мен Нидерландта бірінші теңіздік сақтандыру

қоғамдары пайда болды. 17 ғасырдан бастап статистика ғылымы екі бағыт бойынша дамиды: неміс бейнелеу (суреттеме) мектебі; саяси арифметикалық ағылшын мектебі (математикалық).

Суреттеме мектебінің өкілдері: неміс ғалымдары Конринг және Ахенваль. Олар мемлекеттің жеріне, халқына, дініне, сыртқы саясатына суреттеме берген суреттеме мектебінің өкілдері сан сипаттамасын аз қолданған. Кейіннен 18 ғасырдың ортасынан бастап – сан деректері суреттеме статистикада бейнеленген. Статистика тарихы үшін Петтидің 2 жұмысы: «Политическая арифметика» (1671-1676ж; 1690ж жарыққа шықты), «Политическая анатомия Ирландии» (1672ж.) танымалы. Бірінші еңбегімен дүниежүзіне әйгілі болды. Петти өз жұмыстарында көбіне жер мен халықты қарастырды, олар ел байлығы деп таныды. Ұлттық байлық пен ұлттық табысқа сандық бағалауды бірінші рет Петти берген. Саяси арифметиктердің көптеген зерттеулерінде топтастырулар, абсолютті шамалар, салыстырмалы және орта шамаларды қолданған. Европада саяси арифметиктердің жолдарын – Францияда –С. Вобан, А. Десперсье; Германияда – И. П. Зюсмилх; Швецияда – Г. Варгентин жалғастырды. Статистика мемлекеттің әлеуметтік, құқықтық және шаруашылық аспектері жөнінде қоамдық ғылым ретінде қарастырған. Ресейде статистикалық мектеп суреттеме мектебінен басталады. Оның өкілдері Кириллов, Татищев, Ломоносов, Герман (18ғ.). Кириллов пен Татищев экономикалық-географиялық сипаттама берген. Ломоносов мемлекеттік заңды зерттеуді бейнелейді, ол тек қана суреттеме емес, талдау элементтерін қолданады. Герман ең бірінші Ресейде статистиканың негіздерімен айналысқан. Ол 1809 жылы «Статистиканың жалпы теориясы» деген кітап шығарды. 19 ғ-дың 30-40 жылдарына дейін суреттеме бағыты қолданылды. 1846 жылы Журавскийдің жұмысында статистикаға өзгеше көзқарас байқалады. Онда ол бақылауды – статистикалық зерттеудің негізі, ал топтауды – статистикалық талдаудың негізгі әдісі дейді. 19 ғ. аяғында Ресей статистикалық ғылымның орталығы болды. 20 ғ. тәжірибелі және ғылыми статистика дамиды. Қазіргі кезде статистика пайдаланбайтын сала табу қиын.

Әдебиеттер

1. Мұханбетова С.М. Статистика: оқулық. -Алматы: Дәуір, 2011. -384б.
2. Шоқаманов Ю.К., Белгібаева Қ.Қ. Статистика: оқулық. - Алматы: Экономика, 2010. -539б.
3. Жолаева Қ. Статистика: оқу-зертханалық практикум. - Астана: Фолиант, 2014. -174б.